

НҰСҚАМА ХАТ

11-сыныпқа арналған «Ағылшын тілі» факультатив курсы бойынша

Құрастырған:

Ағылшын тілі пәні мұғалімі Мешел Гулжайна

Түсіндірме жазба

Бұл нұсқама хат 11-сынып оқушыларына арналған «Ағылшын тілі» факультатив курсының мазмұнын, мақсаттары мен міндеттерін айқындайды. Бағдарлама Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беру стандарты негізінде әзірленді.

Курстың мақсаты:

Оқушылардың ағылшын тілінде коммуникативтік құзыреттілігін дамыту, сөйлеу, тыңдау, оқу және жазу дағдыларын жетілдіру, сондай-ақ ҰБТ және халықаралық емтихандарға дайындық деңгейін арттыру.

Курстың міндеттері:

- Оқушылардың сөздік қорын кеңейту;
- Грамматикалық білімдерін жүйелеу және бекіту;
- Ауызша және жазбаша сөйлеу дағдыларын дамыту;
- Тыңдалым және оқылым арқылы ақпаратты түсіну қабілетін арттыру;
- Өз ойын еркін және нақты жеткізуге үйрету;
- Сыни ойлау қабілеттерін дамыту.

Курстың мазмұны:

- Күнделікті өмір тақырыптары (білім, мамандық, денсаулық, қоршаған орта);
- Грамматикалық тақырыптарды қайталау (шақтар, шартты сөйлемдер, ырықсыз етіс, жанама сөйлеу);
- Оқылым мәтіндерімен жұмыс және талдау;
- Тыңдалым тапсырмалары;
- Жазылым (эссе, хат, пікір жазу);
- Ауызша сөйлеу (диалог, монолог, пікірталас, презентациялар).

Оқыту формалары мен әдістері:

- Жеке, жұптық және топтық жұмыс;
- Коммуникативтік әдіс;
- Дебат, рөлдік ойындар;
- Жобалық және зерттеу жұмыстары;
- Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану.

Бағалау түрлері:

- Ауызша жауаптар;
- Жазбаша жұмыстар (эссе, хат);
- Тест тапсырмалары;
- Аралық және қорытынды бақылау жұмыстары.

Күтілетін нәтижелер:

- Ағылшын тілінде еркін қарым-қатынас жасай алады;
- Негізгі грамматикалық құрылымдарды дұрыс қолданады;
- Әртүрлі тақырыптарда өз ойын жеткізе алады;
- Тыңдалған және оқылған ақпаратты түсінеді;
- Емтихан форматындағы тапсырмаларды орындай алады.

Сағат саны:

Аптасына – 1 сағат

Жылына – 34 сағат

КҮНТІЗБЕЛІК-ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАР (КТП)

11-сынып «Ағылшын тілі» факультатив курсы (34 сағат)

№	Тақырып	Сағат	Мерзімі	Ескерту
1	Кіріспе сабақ. Деңгейді анықтау тесті	1	7.09	
2	Speaking: Introducing yourself & future plans	1	} 8.09	
3	Grammar: Tenses review	1		15.09
4	Vocabulary: Education & Career	1	22.09	
5	Reading: Choosing a profession	1	29.09	
6	Listening: Job interviews	1	6.10	
7	Writing: CV / Resume	1	13.10	
8	Discussion: My future profession	1	20.10	
9	Grammar: Conditionals	1	10.11	
10	Speaking: Life situations	1	17.11	
11	Vocabulary: Technology	1	24.11	
12	Reading: Social media	1	?	
13	Listening: Technology	1	8.12	
14	Writing: Essay	1	15.12	
15	Debate: Technology harmful?	1	22.12	
16	Revision / Test	1	12.01	
17	Grammar: Passive voice	1	19.01	
18	Speaking: News	1	26.01	
19	Vocabulary: Environment	1	2.02	
21	Reading: Climate change	1	9.02	
22	Listening: Environmental problems	1	16.02	
23	Writing: Formal letter	1	23.02	
24	Discussion: Saving the planet	1	2.03	
25	Practice test	1	?	
26	Error correction	1	16.03	
27	Grammar: Reported speech	1	6.04	
28	Speaking: Global issues	1	13.04	
29	Vocabulary: Health	1	20.04	
30	Reading: Healthy habits	1	27.04	
31	Listening: Health advice	1	4.05	
32	Writing: Opinion essay	1	?	
33	IELTS speaking practice	1	18.05	
34	Final revision. Final test	1	25.05	